

**№15 Сүлеймен Карабалин атындағы жалпы орта  
білім беретін мектептің  
«Қамқоршылық кеңес» отырысының**

**ХАТТАМАСЫ №4**

**Өтілген күні: 12.06.2018ж.**

**Қатысқандар:**

1. Ұ.Қ.Бөлекбаева - мектеп директоры,
2. Қалаулиев Жетібай - қамқоршылық кеңестің төрағасы;
3. Асабаева Лаззат - кеңес мүшесі;
4. Ажиков Ильяс - кеңес мүшесі;
5. Утежанова Орынай - кеңес мүшесі;
6. Орынғалиева Гүлнұр - кеңес мүшесі;
7. Аязбаева Гүлбаршын - кеңес мүшесі;
8. Баймағанбетов Аманбай - кеңес мүшесі;
9. Есбергенов Қайрат - кеңес мүшесі;
10. Сагиндикова Шолпан - кеңес мүшесі.
11. Таубаева Інжу – әлеуметтік педагог

**Күн тәртібіндегі мәселелер:**

1. Әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылар мен күнкөрісі төмен отбасылардан шыққан білім алушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру.

**Тыңдалды:**

**Мектеп директоры – Ұ.Қ.Бөлекбаева:**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің «2016-2019 жылдарға арналған жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» 2016 жылғы 11 мамырдағы қаулысын орындау мақсатында, аудандағы кәмелетке толмағандардың жазғы сауықтыруы мен жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету бойынша іс-шаралар жоспары бекітілді. Келесі сөз кезегі мектептің әлеуметтік педагогына беріледі.

**Әлеуметтік педагог – І.С.Таубаева:** Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануы мен денсаулығын жақсарту мақсатында аудан әкімінің 2018 жылғы 22 маусым №147 қаулысы негізінде жетім балалар, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы отбасы балалары, мүгедек және даму мүмкіндігі шектеулі балалар және үздік оқушылар сауықтыру демалысына қабылдана алады. 2017-2018 оқу жылына арналған жазғы каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы мектеп директорының 28.05.2018 жылғы №52 бұйрығы шығарылып, мектеп жанынан «Балдәурен» лагері ашылды. Лагерге әлеуметтік жағдайы аз қамтылған, озат оқушылар және ата-анасының өтінішімен – 110 оқушы қамтылуда. Лагерь 55 оқушыдан 2 кезеңмен жұмыс жасауда. Балалар уақыттарын тиімді де қызықты өткізіп жатыр. Сондай-ақ,

Жазғы демалыс-сауықтыру лагерімен қамтамасыз ету бойынша білім алушылардың ата-аналары немесе заңды өкілдері білім беру ұйымының басшысына:

- 1) Белгіленген нысандағы өтініші;
- 2) Әлеуметтік жағдайын дәлелдейтін құжаты;
- 3) Ата-аналарының төлқұжаты;
- 4) Жұмыс орнынан анықтама, кіріс көзін анықтайтын анықтама;
- 5) Денсаулығының жай-күйі туралы дәрігердің қорытындысын ұсынады.

## Қалаулиев Жетібай-қамқоршылық кеңестің төрағасы:

Бүгінгі күн тәртібінде мектептің лагерь жөнінде жай-күйі, тыныс-тіршілігі баяндалды. Мектеп басшылығының балалардың бос уақытын тиімді өткізуі мен денсаулығына назар аударып отырғандары қуантады. Мектеп жанынан лагерьмен қамтылатын бала саны жылдан-жылға өсуде. Біз қамқоршылық кеңестің мүшелерімен біріге отырып, жазғы демалыстың сәтті өтуіне тілектеспіз және алдағы оқу жылында кеңес мүшелері өз жұмыстарын одан әрі жалғастыратынын атап өткіміз келеді.

1. Мектепте жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты және жұмыспен қамтылуы өз деңгейінде ұйымдастырылсын.

Жиналыс төрағасы: Ж.Қалаулиев  
Жиналыс хатшысы: Г.Орынғалиева

